



Өңірлердегі инфляциялық үрдістер

2023 жылғы наурыз

2023 жылғы наурызда жылдық инфляция 18,1%-ды құрады (ақпанда – 21,3%). Азық-түлік тауарлар бағасының өсуі бір жылда 20,5%-ға дейін (ақпанда – 26,2%), азық-түлікке жатпайтын тауарлар бағасының өсуі 18,1%-ға дейін (ақпанда – 20,5%), ақылы көрсетілетін қызметтер бағасының өсуі 14,4%-ға дейін (ақпанда – 15,0%) баяулады.

Өңірлер бойынша жылдық инфляция барлық 20 өңірде бәсеңдеді. Жылдық инфляция 11 өңірде жалпы республикалық деңгейден жоғары қалыптасты. Жылдық инфляцияның ең жоғарғы мәні Маңғыстау облысында (21,7%), Астана қаласында (19,9%) және Солтүстік Қазақстан облысында (18,9%) тіркелді.

1-сурет. Өңірлердегі жылдық инфляция (2022 наурыз – 2023 наурыз), %-бен

Маңғыстау	11,9	21,7	Ұлытау		18,3
Астана қ.	12,0	19,9	Жетісу		18,1
Солтүстік Қазақстан	11,7	18,9	Қазақстан Республикасы	12,0	18,1
Ақмола	12,6	18,8	Қостанай	11,9	17,9
Шығыс Қазақстан	12,0	18,7	Абай		17,8
Павлодар	11,4	18,7	Түркістан	12,9	17,8
Батыс Қазақстан	10,7	18,5	Ақтөбе	12,9	17,7
Қарағанды	12,0	18,5	Алматы қ.	12,3	17,2
Атырау	10,7	18,3	Жамбыл	11,8	17,2
Қызылорда	11,1	18,3	Алматы	11,7	16,7
			Шымкент қ.	12,4	16,6

Дереккөзі: ҚР СЖРА ҰСБ

Қазақстанда **азық-түлік** тауарлары ел бойынша деңгейден (20,5% ж/ж) жоғары Маңғыстау (26,8%), Қызылорда (22,6%), Алматы (22,0%), Атырау (21,8%), Батыс Қазақстан (21,2%), Павлодар облыстарында және Астана қаласында (21,1%-дан), Қарағанды мен Жетісу (21,0%-дан), Ақмола (20,8%), Абай (20,7%) облыстарында, сондай-ақ Шымкент қаласында (20,6%) қымбаттады.

Азық-түлікке жатпайтын тауарлардың бағасы елдегіден (18,1% ж/ж) жоғары Астана қаласында (28,7%), Шығыс Қазақстан (20,3%), Солтүстік Қазақстан (19,1%), Жетісу (18,5%), Абай (18,4%), Атырау мен Түркістан (18,3%-дан) облыстарында өсті.

Ақылы көрсетілетін қызмет бағасы 14,4%-ға дейін ж/ж баяулады, бұл ретте Ақмола, Маңғыстау мен Ұлытау (17,8%-дан) облыстарында, Павлодар (16,4%), Ақтөбе мен Солтүстік Қазақстан (16,2%-дан) облыстарында, Алматы қаласында (16,0%), Қарағанды (15,9%), Батыс Қазақстан (15,4%), Шығыс Қазақстан (14,9%) және Қостанай (14,8%) облыстарында мәндер жалпы республикалық деңгейден жоғары қалыптасты.

1-кесте. Өңірлер бойынша ТБИ негізгі құрауыштары, %-бен, ж/ж

Өңір	Азық-түлік инфляциясы	Азық-түлікке жатпайтын инфляция	Ақылы қызметтер инфляциясы
Қазақстан Республикасы	20,5	18,1	14,4
Ақмола	20,8	17,4	17,8
Ақтөбе	18,9	17,2	16,2
Алматы	22,0	13,6	12,0
Атырау	21,8	18,3	12,5
Батыс Қазақстан	21,2	17,5	15,4
Жамбыл	19,1	17,3	13,8
Қарағанды	21,0	17,7	15,9
Қостанай	20,0	17,9	14,8
Қызылорда	22,6	16,7	13,3
Маңғыстау	26,8	18,1	17,8
Павлодар	21,1	17,4	16,4
Солтүстік Қазақстан	20,5	19,1	16,2
Түркістан	20,2	18,3	13,8
Шығыс Қазақстан	20,0	20,3	14,9
Астана қ.	21,1	28,7	11,0
Алматы қ.	18,7	16,6	16,0
Шымкент қ.	20,6	16,4	11,4
Абай	20,7	18,4	12,8
Жетісу	21,0	18,5	13,4
Ұлытау	19,5	17,2	17,8

Дереккөзі: ҚР СЖРА ҰСБ

2023 жылғы наурызда елдегі айлық инфляция 0,9%-ды құрады, бұл тарихи орташа мәннен (2017-2021 жылдардағы наурызда 0,6%) жоғары. Астана мен Шымкент қалаларын, сондай-ақ Қостанай облысын қоспағанда, барлық өңірлерде 2023 жылғы наурызда баға орташа тарихи мәнінен жоғары болып тіркелді. Айлық инфляцияның ең жоғары мәні Алматы облысында (1,5%) байқалды.

2-кесте. 2023 жылғы наурыздағы айлық инфляцияны 2017-2021 жылдардағы кезеңдегі орташа мәнмен салыстыру, %-бен

Өңірлер	5 жылғы наурыздағы орташа мәні	2023 жылғы наурыз	Өңірлер	5 жылғы наурыздағы орташа мәні	2023 жылғы наурыз
Қазақстан Республикасы	0,6	0,9	Ақтөбе	0,5	0,8
Алматы	0,5	1,5	Павлодар	0,7	0,8
Шығыс Қазақстан	0,7	1,4	Алматы қ.	0,5	0,8
Жетісу	-	1,2	Ақмола	0,6	0,7
Жамбыл	0,6	1,0	Батыс Қазақстан	0,6	0,7
Қарағанды	0,5	1,0	Маңғыстау	0,6	0,7
Қызылорда	0,6	1,0	Шымкент қ. ¹	0,8	0,7
Солтүстік Қазақстан	0,6	1,0	Қостанай	0,7	0,6
Түркістан	0,8	1,0	Ұлытау	-	0,6
Абай	-	1,0	Астана қ.	0,7	0,4
Атырау	0,4	0,9			

Дереккөзі: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚРҰБ есептеулері

¹ Шымкент қаласы бойынша соңғы 3 жылдағы (2019-2021 жж.) орташа мән